

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН АРАҚАТЫНАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бақытжан Сатершинов

Соңғы жүзжылдықты бүкіләлемдік тарихтағы ең саясаттандырылған кезең ретінде сипаттауға болады. Мемлекет, құқық, саясат және дін мәселелері осы өткен ғасырда болып өткен әлеуметтік сілкіністер мен бұқаралық қозғалыстарға байланысты алдыңғы орынға көтерілді. Екі дүниежүзілік соғыс, діни және ұлттық айырмашылықтарға негізделген аймақтық соғыстар, революциялар мен саяси төңкерістер, тоталитарлық режімдердің, қалыптасуы мен құлауы, отаршылдық жүйенің қирауы мен көптеген жаңа дербес мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың пайда болуы, адамдар мен азаматтардың теңдігін, құқықтары мен еркіндіктерін бүкіләлемдік мойындау – міне, осының бәрі адамдардың қоғамдық санасына әсерін тигізіп қана қоймай, бүгінгі мемлекеттің де сипатын өзгертіп отыр. Мемлекеттің рөлі ендігі жерде тек құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін (оның ішінде, адамның табиғи құқықтарымен қатар, ар-ождан бостандығы мен діни құқықтарын да) қорғаумен ғана шектелмейтіндігі белгілі болды; осы еркіндіктер мен құқықтарды жүзеге асыру бірқатар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және өзге де мәселелерге бағытталған мемлекеттің позитивті оң әрекетін қажет етеді.

Мемлекет туралы мәселе осы орасан зор машинаға айналған институттың пайда болуымен қатар, құқықтың да даму тарихын, бостандық пен бодандықтың, жауапкершілік пен әділдіктің, заң мен заңдылықтың, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың, билік пен жеке адамдардың өзара қарым-қатынасы мен олардың формалары мен принциптері туралы мәселелерді де қоса қамтиды. Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып-білу үшін адамдар өткеннің идеялары мен қағидаларын ой елегінен өткізіп, оның тағылымын өз заманына лайықты пайдаланатыны тәрізді, мемлекет пен діннің өзара қатынасының үйлесімді үлгілерін тарих пен қазіргі заманның тәжірибелерінен тауып, бүгінгі әлеуметтік-саяси өмірдің кәдесіне жарату – тәуелсіздігіне жиырма жыл толып отырған жас мемлекетіміз үшін өзекті де маңызды. Оның үстіне, қазіргі заманда діни сананың жаңғыруы бүкіл әлемді қамтып отырған дерек қана емес, қоғамдық дамудың кескін-келбетін де айқындаушы факторға да айналууда. Сондықтан да мемлекет елдегі қайта түлеген діни үдерістің жағымды тұстарын оңтайлы пайдаланумен қатар, жағымсыз үрдістерін шектеп, дінмен қарым-қатынасын салауатты құруға ұмтылуы тиіс.

Кезінде тоталитаризмнің идеологтары демократия тек олигархтар мен плутократтарға тиімді деп есептеді. Олар демократияны теріске шығарып,

азаматтық қоғам қатынастарын мемлекеттендіруге және соғысқұмарлыққа, қуатты бір партиялық мемлекет құруға және біртұтас партиялық мемлекеттік идеологияны ендіруге шақырды. Фашистік мемлекеттің негізін қалаушы Бенито Муссолини тоталитаризмнің мәртебесін былайша белгілейді: «Барлығы Мемлекет үшін, Мемлекеттен өзге ештеңе, Мемлекетке қарсы ештеңе болмауы тиіс» [1, 257 б.]. Мұның арғы жағында Людовик XIV тұсында «Мемлекет дегеніміз – Мен» деген абсолюттік монархияның да Еуропа тарихында болғаны рас.

Тоталитаризмнің мұндай саяси идеологиясына өркениеттің демократиялық құқықтарын, құқықтық мемлекет пен парламентаризмнің дәстүрлі идеяларын қорғайтын тұжырымдамалармен қатар, мемлекеттің өктем билігін азаматтық қоғам ұйымдарының құқықтарымен шектейтін демократиялық теориялар қарсы тұрады. Бірақ тоталитарлық идеологияның қалдықтары күні бүгінге дейін жаңа ұлтшылдық түрінде, сондай-ақ елді дағдарыстан шығарып, барлығын азықпен және жұмыспен қамтамасыз ете алатын өктемшілдік билік идеясы түрінде де сақталып отыр.

Мемлекеттік тәжірибесі жиырма жылға толып отырған Қазақстан (әрине, ортағасырлық хандық дәуірді, Алаш-Орда үкіметінің құруға ұмтылған парламенттік республикасы мен Кеңестер Одағы құрамындағы тәуелді социалистік республика кезеңдерін есепке алмағанда) президент басқаратын республикалық формадағы мемлекет ретінде қызмет етіп отыр. Қазақстан унитарлық мемлекет болғанымен, оның аумағын көптеген ұлт пен конфессия өкілдері мекен етеді. Дегенмен, мемлекет құрушы ұлттың дені қазақтар екендігін және олардың басым көпшілігі ислам дінінің сунниттік бағыттағы ханафилік мәзһабын ұстанатынын естен шығармау керек. Сондықтан да біз мемлекет пен дін арақатынасын қарастырғанда, алдымен, осы ислам дініндегі құндылықтармен байланысын алға тартамыз.

Мемлекеттік құрылым мен парламентаризмнің қазіргі формалары мен ұстындары 1648 жылғы ағылшын буржуазиялық революциясының, 1776 жылғы АҚШ Тәуелсіздік декларациясының, 1789 жылғы Ұлы француз революциясының, XIX ғасырдағы либерализмнің ғана емес, әлемдік саяси-құқықтық ойдың Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш.Л. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Т. Джефферсон, И. Кант, Й. Бентам және т.б. тәрізді алыптарының еңбектерінен қалған зор мұра екені белгілі. Алайда, бұл саяси-құқықтық ілімдердің қалыптасуы мен адамзаттың өркениеттік жолға түсуіне игі ықпал еткен ислам дінінің және ғылым мен философия, әдебиет пен өнер гүлденген кезеңіне жеткен Араб халифаты кезеңіндегі ортағасырлық мұсылмандық Шығыстағы ойшылдардың (әл-Фараби, әл-Маварди, әл-Ғазали, ибн Рушд, ибн Халдун және т.б.) қосқан үлесі де аз емес. Еуроорталықтық әдебиеттерде бұл туралы көп айтылмайды, оның үстіне ислам елдерінде (хандық билік барысында рулық демократия мен дала еркіндігі үстем болған көшпенді қоғамдарды, оның ішінде

дәстүрлі қазақ қоғамын айтпағанда) демократия мен азаматтық қоғам институттары қалыптаспаған деген пікір басым болып келеді. Бұл пікірлер Құранның *аудармалары* мен әдейі іріктелген әлсіз хадистерге сүйеніп, ислам ғұламаларының пәтуасы (иджтихад) мен ұқсастық (қыйас) әдістеріне негізделген тұжырымдарын ескермей, өз көзқарастарын таңуға бейім тұрады. Бұл тұста мұсылман құқығы – шариаттың Құрандағы құқықтық қағидалар мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен тұратын діни-этикалық бастаулармен қатар, мұсылман қоғамының біртұтас келісімі – иджмалармен (дін ғұламалары жасаған мұсылмандық-құқықтық қағидалар) сипатталатын арнайы құқықтық бастаулардан құралатынын ескеру өте маңызды. Осы себепті де мемлекет пен дін арақатынасы тақырыбында басы ашылмаған әдіснамалық мәселелер жеткілікті. Бұл тақырып «отаршылдық», ориенталистік (жалпы шығыстану ғылымы емес, «Шығыстан» зияттық үстемдік болудың формасы мен идеологияландырылған ойлау дағдысы) және позитивістік әдіснамалардың ерекшеліктерін ескеретін, оларға баламалы болатын кешенді тәсілді қажет етеді.

Еуропалық өркениетті әлем мен либералды демократиялық көзқарастарға сәйкес, саяси белсенді субъект ретінде тұлға қазіргі заманда ғана толық еркіндік пен дарашылдыққа ие болды. Алайда бұл еркіндіктің бұрынғы дәстүрлі әлеуметтік байланыстарды бұзып, ақырында тұлғаның «жатсынуына» әкеліп соғатыны да құпия емес.

Ислам дінінде Бір және Бар Жаратушыға деген сенім негізқұраушы ұстын болғандықтан, абсолютті даралық пен еркіндіктің болуы мүмкін емес. «Ислам» сөзінің өзі «амандық», «бейбітшілік», «мойынсұну» деген ұғымдарды білдіреді. Ислам адамнан Алладан басқаға тәуелді болмауды талап ете отырып, оның қажеттілік жағдайына қарай, отбасымен, қоғаммен, ұлтпен, мемлекетпен және, тіпті, бүкіл адамзатпен органикалық байланыста болу ұстынын ұстанады. Оған қоса, ислам басқа діни жүйелермен салыстырғанда, метафизикамен, тек жалбарынумен, медитациямен немесе құлшылықтың басқа да жеке тұлғалық түрлерімен шектеліп қалмайды, ол адам өмірінің әлеуметтік, саяси, құқықтық, экономикалық және адамгершілік қырларында белсенділік танытуды құптайды. Ислам тек діни дүниетаным ғана емес, ол өмірдің тәртібі, белсенді өмір сүрудің мәдениеті. Исламды сыртқы формалды түрде ғана емес, ішкі мәнін түсіне ұстанған жағдайда, ол көркем мінезді тұлға, адал азамат, салауатты отбасы, ізгі қоғам қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Құранның көптеген аяттарында, сондай-ақ Суннада Құдайдың еркі бекітіледі, биліктің қандай да бір топқа, рухани көсемдерге немесе шіркеулерге (теократиялық басқаруда осындай болады, ал исламда дінбасылар кастасы немесе шіркеу институты деген болған жоқ) тиесілігі туралы ештеңе айтылмайды, керісінше биліктің жауапкершілігі туралы айтылады. Сондықтан исламның бұл бастау көздерінен абсолюттік мо-

нархия туралы да, классикалық демократия туралы да, диктатура немесе бассыздық туралы ешқандай мәлімет табылмайды. Жалпы исламды идеологияландыру әрбір мәселені көппен келісіп шешіп, өзгеге зиянын тигізбейтін құқыққа негізделген мұсылмандық жүйеге, исламның өзінің рухына қайшы келеді. Исламдағы басқару – бағынушы мен басқарушы арасындағы заңды келісімге негізделеді. Ал бұл заң үстемдігі (оны басқарушы да, бағынушы да сақтауы керек) Аллаһтың Еркі мен Сөзіне сүйенуі тиіс. Мұны белгілі бір дәрежеде Руссоның «қоғамдық шарт» тұжырымдамасымен және құқықтық мемлекет идеясымен салыстыруға да болады.

Шындығында егер, басқарудың республикалық формасы мен демократиялық қоғамда заң шығарушылық және атқарушылық билік қазіргі әлемдегі адамның негізгі құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етіп, басқару мен саясатқа қатысуға кепілдік беріп, өз дініне сай өмір сүруге мүмкіндік берсе, исламның оған қарсы болуы да мүмкін емес. Қазіргі мұсылман әлемінің көрнекті ойшылдарының бірі Фетхуллах Гүлен былай дейді: «Біздің сүйікті Пайғамбарымыздың өзі монархия орнықтыруға ұмтылған жоқ, сондай-ақ оның адал ізбасарлары – турашыл халифтер де ешқашан өздерін патша немесе король деп айтуға еш сылтау-себеп берген жоқ. Мұсылман қоғамында монархия оның ислам нормаларынан алыстауы нәтижесінде пайда болды және оның осы нормалардан алыстауы ұлғайған сайын монархия біртіндеп жауыздық пен әділетсіздіктің құралына айнала бастады... Шынайы еркіндікке сүйенген Республика – бұл басқарудың жоғары әрі сенімді формасы ғана емес, ол сонымен қатар, өзіне өте сақ болуды қажет ететін жүйе. Басқа жағдайда ол дінсіздік пен бассыздықты тудыруы мүмкін» [2, 198 б.].

Халық арасында да, кейбір арнаулы әдебиеттерде де дін – Құдайдың билігі, ал демократия – халықтың билігі деген теріс көзқарас бар. Адамдарды азғындықтан арылтып, екі дүниенің бақытына жетуге жетелейтін, адамзаттың өркениеттік тура жолға түсуіне орасан зор ықпал еткен ислам діні – жамағаттық, жалпыадамзаттық дін. Демек, оның демократиялық принциптерге де қайшы келуі мүмкін емес. Ислам дініне сәйкес, әрбір тұлғаның еркі мен мінез-құлқы оның осы өмірі мен ақыреттік өмірінің нәтижесін көрсеткені сияқты, қоғамның гүлденуі мен құлдырауы да оның мүшелерінің еркі мен өмір сүру салтын анықтайды. Құранда «Расында, бір қауым өз-өзін өзгертпейінше, Аллаһ оны өзгертпейді» делінген (Рағыз сүресі, 11-аят). Яғни әрбір қоғам өз тағдырын өзі басқарады деген сөз. Бұл жәйт хадистерде тағы да баса айтылған: «Өздерің қандай болсаңдар, солай басқарыласыңдар» [3, 25 б.]. Біз жоғарыда сілтеме жасаған түрік ойшылы «саяси және мемлекеттік жүйеге қатысты айтар болсақ, бірден-бір баламалы мүмкіндік ол демократия болып табылады», - дейді. Оның айтуынша, адамзат баласы әлі де дұрыс мемлекеттік жүйе қалыптастыра қойған жоқ, сондықтан аталған кемшіліктеріне қарамастан, демократия бірден-бір

дұрыс таңдау болып табылады. Және бұл демократияны Аллаһ тағаланың разылығына ие болатындай, адам бойындағы илаһи бастау мен тіршіліктің арасындағы тепе-теңдікті ұстап, екі дүниенің бақытына ие болатындай рухани қажеттіліктерді өтеу бағытында дамытқан дұрыс деп топшылайды.

Қазіргі замандағы мемлекет пен саясат та азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамыту негізгі феномендердің біріне жатады. Барлық әлемдегі сияқты, бүгінгі Қазақстанда да мультикультурализм ұстындары бой көрсетіп отырғандықтан, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құру идеясы өзектілігімен көзге түсіп отыр және мұның мемлекет пен дін арақатынасына да тікелей қатысы бар. «Азаматтық қоғам» ұғымын арнаулы әдебиеттер төмендегіше түсіндіреді: «өз қауымдастығында мемлекеттің шеңберінсіз немесе оның тікелей араласуы мен көмегінсіз дамитын көптеген отбасылық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, діни және өзге де ассоциациялар мен құрылымдардың, тұлғааралық қатынастардың жиынтығы» [4, 25 б.]. Яғни азаматтық қоғамның қызметі үшін қоғамның гетеротектілігі немесе бір біріне ұқсамайтын категориялардың, әлеуметтік топтардың болуы, олардың өзіндік ұйымдасу мүмкіндігінің болуы және олардың биліктен, мемлекеттік машинадан белгілі бір дербестікте болуы қажет. Бірқатар батыстық зерттеушілер мен мұсылман ойшылдарының айтуынша, «азаматтық қоғам» түсінігі Ислам мен ислам өркениетіне мүлдем жат емес, керісінше, ол жекелеген тұлғалардың да, белгілі бір қауымдардың да мүдделерін қорғауға ұмтылады. Азаматтық қоғамның жоғарыда аталған шарттарының болуы ислам дінінде әртүрлі нәсілдер мен халықтардың алдын ала болуымен, яғни Жаратушының даналығымен және құдіретімен түсіндіріледі. Қасиетті Құрандағы Хұжрат сүресінің 13-аятында: «Әй адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық», - делінеді.

Исламның тарихындағы «азаматтық қоғам» үлгісін Меккеден пұтқа табынушылар мен мүшріктер тарапынан қуғын көріп, Мединеге көшуге мәжбүр болған мұхаджирлер мен жергілікті мединалық иудейлер арасында бейбіт қатар өмір сүрудің 55 баптан тұратын «Медина келісімінен» көруге болады. Бұл құжат қоғамдағы бірлік пен бейбітшілікті сақтау жолындағы саяси-әкімшілік реттеуді, жалпы азаматтық негізіндегі мұсылман еместермен бірге қатар өмір сүрудің үлгісін көрсетті. Ол тұтастай алғандағы әлеуметтік әділеттіліктің барлық қырын, тарқатып айтқанда, экономикалық өмір мен басқарылуды, діни төзімділікті, төрелік етудің тетіктерін, сондай-ақ соғыс пен қорғаныс мәселелеріне қатысты сыртқы байланыстарды қамтыды. Осы келісімнің нәтижесінде Мединеде сенім мен келісім, тұрақтылық пен бейбітшілік орнады.

Мұсылман еместер «зимми» мәртебесіне ие болды. Ол араб тілінен аударғанда «қорғалатындар» дегенді білдіреді, яғни атауының өзінен дұшпандық емес, қамқорлық аңғарылып тұр. Бұл мәртебе белгілі бір

келісімдерге сәйкес мұсылман елдері мен қауымдары ішінде тұрақты қоныстануға құқы бар мұсылман еместердің жағдайын айқындайтын қағида болып табылады. Мемлекет олардың өмір сүруге, меншікке, сенімге, саудаға деген құқықтары мен орын алмастыру еркіндігі сияқты негізгі құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Ал олар болса, келісімде баяндалған негізгі қағидаларды орындайды. Зимми әскери қызметке тартылмайды, мұсылмандар төлейтін салықтардан босатылады. Оның есесіне өздерінің мүмкіндіктері мен кірістеріне қарай, жылына бір мәрте «джиза» деп аталатын салық төлейді. Кедейлер, жұмыссыздар, кәрі-құртандар, кемтарлар мен монахтар бұл салықты да төлемейді. Өз еркімен әскерге алынғандар да джиза төлемейді. Мемлекет сондай-ақ асыраушысы жоқ мұқтаж мұсылман еместерге де, мұсылмандар сияқты қамқорлық танытады. Мұсылман еместерге де жауапкершілігі жоғары мемлекеттік лауазымдар тапсырылды, оларды шапқыншылықтан қорғады, тұтқынға түсіп қалса қамқорлық көрсетті, қажет болса, құнын төлеп сатып алды. Олардың арасында дау-жанжал туса, төрелік етуді олардың өздерінің қазыларының құзіретіне қалдырды. Мұхаммед пайғамбардың с.а.с. уақытында және одан кейінгі әулие халифтер тұсында да мұсылмандар сұхбат пен татулықтың үлгісін көрсете білді. Бейбіт қатар өмір сүрудің осындай үлгісін Пайғамбар Мединеден өзге, Хайбар, Фадак және Вади әл-Кура иудейлеріне де көрсетті. Ол келісімді сақтаған яһудилерге құрметпен қарады, олардың жерлеу рәсімі өтіп жатқанда, көрші-яһудилерді табанынан тік тұрып күтті. Олардың ішкі істеріне, сауда кәсіптеріне араласқан жоқ. Пайғамбар мен турашыл халифтер басқарған мұсылмандардың алғашқы буыны осылайша «азаматтық исламның» да үлгісін көрсетіп берген еді.

Этномәдени әртектілігімен сипатталатын бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекет пен дін (діни бірлестіктер мен топтар) арақатынасын елдің әлеуметтік-мәдени болмысы мен замана талаптарына сай құруы тиіс. Фило-софия докторы Ғалым Жүсіпбек мемлекет пен дін арақатынасына байланысты жазған мақаласында зайырлылықтың екі үлгісін бөліп көрсетеді: діни сенім азаматтардың жеке ісі деп қарастырып, дінді мемлекеттің қоғамдық саласынан жүйелі түрде ығыстырып, тіпті мәдени, діни айырмашылықтың көпшілік алдына көрініс табуын қудалайтын «француз зайырлылығының қатаң үлгісі» және мультикултурализмді жақтайтын, азаматтардың конфессионалды тиесілігінің белгілерін көпшілік алдына шығаруды, қоғамдық өмірде мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасын табиғи, тіпті заңды деп есептейтін «зайырлылықтың англо-саксондық жұмсақ үлгісі». Бұл зерттеуші анағұрлым үйлесімді әрі орнықты даму үшін Қазақстанға өз негізінде діни төзімділікті, мәдени және өркениеттік әралуандылықты қабылдайтын, сондай-ақ мемлекет дамуына, азаматтардың жалпы игілігіне қол жеткізу мақсатында мемлекет пен діннің өзара тиімді өзара қатынасына жол ашатын діннің қоғамдық өмірге жағымды әсерін мойындайтын

«зайырлылықтың англо-саксондық үлгісін» таңдаған дұрыс деген тоқтамға келеді [5, 25 б.].

Біздің елімізде Президент Н.Ә. Назарбаевтың жетекшілігімен жүргізіліп отырған көпвекторлық саясат, мәдениетаралық, ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен төзімділік зайырлылығының осы либералды, жұмсақ үлгісін таңдауға жетелейді және бұл адам құқықтарын сақтау мен қорғаудың талаптарына да сәйкес келеді. 2003 жылдың қыркүйегінде, 2006 жылдың қыркүйегінде және 2009 жылдың шілдесінде Әлемдік және дәстүрлі діни конфессиялардың Бүкіләлемдік бірінші, екінші және үшінші съездерінің Астанада өткізілуі осы дінаралық сұхбатты одан ары дамуына және бұл үдеріске әртүрлі дін өкілдері мекен ететін біздің еліміз де белсене араласуына мүмкіндік тудырды.

Осындай халықаралық және жергілікті форумдарда дінаралық сұхбат мәселесінің көтеріліп, талқылануы қазіргі әлемде діннің өте маңызды рөл атқаратынын, діннің ізгілік пен бейбітшілік негізінде адамдар мен қоғамды топтастыра алатынын, діннің заман талаптары мен қауіптеріне лайықты жауап бере алатынын, діннің адамгершілік мәдениетті көтеретінін, дінаралық келісімнің игілік екенін мойындауға әкеледі.

Әдебиеттер

1. *Әбдіғалиев Б.Б., Жамалов Қ.Ж., Сатеришинов Б.М.* Саяси ой тарихы. – Алматы: Үш-Қиян, 2003. – 280 б.
2. *Гюлен М.Ф.* Критерий, или Огни в пути. – Алматы: ТОО «Көкжиек-Б», 2007. – 258 с.
3. Фетхуллах Гүлен: очерктер – мақалалар – пікірлер. Алматы: «Көкжиек», 2008. – 212 б.
4. *Мельвин А.Ю.* и др. Политология: учебник для вузов. М.: Проспект, 2008. – 562 с.
5. *Жусипбек Г.* Две модели светскости: по какому пути следовать Казахстану? // Поиск моделей взаимоотношения государства и религии. Мат. межд. научно-практ. конф. – Алматы: КазНУ, 2011.

Опубликовано в: Қожа Ахмет Ясауи тағылымы және Қазақстандағы діни білім беру мәселелері: Халықаралық Симпозиум материалдары. - Түркістан А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2011.